

Дүниежүзілік шаруашылық ұғымы

19-ғасырдың екінші жартысында дүниежүзілік шаруашылық қалыптаса бастады. Ал қазіргі кезде жеке елдердің шаруашылық әрекеттерінің кеңеюі, олардың басқа елдермен шаруашылық байланыстардың артуы, халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуі жүріп жатыр. Соның арқасында қазіргі кезде экономикалық және басқа да салаларда бір-бірімен әрекеттеспейтін елдер жоқтың қасы.

Дүниежүзілік экономика (дүниежүзілік шаруашылық) – дүниежүзілік экономикалық қатынастардың жүйесі, ұлттық шаруашылықтар арасындағы әмбебап (универсальный) байланыс.

Дүниежүзілік экономика субъектілері. Дүниежүзілік шаруашылық субъектілеріне *ұлттық экономикалар, трансұлттық корпорациялар, халықаралық интеграциялық бірлестіктер, халықаралық экономикалық ұйымдар*, яғни өзіне тән реттеушілік (регулирование) қасиеті бар жүйелер жатады.

Бұдан бұрын дүниежүзілік шаруашылыққа белгілі бір сипаты бойынша біріккен жеке елдер топтарынан құрылады деп есептелген. Белгілі бір елдің сыртқы экономикалық іс-әрекетіне тек өзара нарықтық қатынастар жүргізетін ұлттық шаруашылықтар жатқызылатын. Қазіргі кезде олардың көпшілігі трансұлттық корпорацияларға (ТҰК) айналған, ал ТҰК-дың әрекеті бүкіл әлемді қамтиды (охватывает). Шаруашылықтың интернационалдануы елдер мен халықтар арасындағы тұрақты шаруашылық байланыстардың дамуын білдіреді.

Қазіргі кездің басты сипаты – көрші елдер экономикалардың тұтасуы (сращивание), олардың өзара тәуелділігінің өсуі, өркениетті (цивилизированный) елдердің жабық ұлттық шаруашылықтардан ашық типті экономикаға ауысуы. осылайша аймақтық интеграциялық бірлестіктер қалыптасады (Еуропалық одақ, НАФТА, МЕРКОСУР және т.б.).

Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық экономикалық ұйымдардың саны өсті. Көптеген елдердің биліктерін халықаралық экономикалық қатынастардың проблемаларын шешуге қауқарсыз (неспособный) болды, сондықтан өзара әріптестік арқылы аталған мәселені шешуге бағытталған әдістерді құрастыра бастады. Қазіргі кезде елдердің экономикалық дамуын қамтамасыз ету мәселесімен айналысатын мыңдаған халықаралық ұйым бар. Әлемдік экономикаға басым әсер етуші құрылымдар бұл – БҰҰ, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Халықаралық сауда ұйымы, Халықаралық қайта құру мен даму банкі және т.б.

20-ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік шаруашылықтың негізгі ерекшелігі – елдер, елдер топтары, жеке фирма мен ұйымдар арасындағы халықаралық экономикалық қатынастардың дамуы болып табылады.

Дерек көзі: Е. А. Чистякова, Н. Л. Власова, П. Л. Алтухов, Г. И. Бочкарев.
Мировая экономика: тенденции развития.

3-тапсырма. «Халықаралық еңбек бөлінісі» мәтінін оқып, сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Халықаралық еңбек бөлінісіне анықтама беріңіз.
2. Елдердің халықаралық еңбек бөлінісін анықтайтын факторларды атаңыз.
3. Халықаралық мамандануға мысалдар келтіріңіз.
4. Халықаралық мамандандудың жағымсыз жақтарын сипаттаңыз.

Халықаралық еңбек бөлінісі

Халықаралық еңбек бөлінісі — қоғамдық еңбек бөлінісі дамуының жоғары сатысы; әлемдік өндірістің даму сатысы.

Ол бір ел шеңберінде ғана емес, сонымен бірге мемлекетаралық, аумақтық еңбек бөлінісіне негізделеді. Еңбек бөлінісінің бұл сатысында мемлекеттер шикізаттың, тауарлардың жекелеген түрлерін өндіруге, қызметтердің жекелеген түрлерін көрсетуге, яғни жекелеген елдер өнімнің осы елдер айырбастайтын белгілі бір түрлерін өндіруге маманданады. Халықаралық еңбек бөлінісі халықаралық сауда мен әлемдік нарықтың белсенді түрі және тұрақты дамуының аса маңызды факторы болып табылады. Халықаралық еңбек бөлінісінің даму дәрежесі әлемдік қоғамдастықтың жекелеген елдерінің өндіргіш күштерінің дамуымен айқындалады. Жекелеген елдердің табиғат және климат жағдайларындағы айырмашылық, олардың аумақтарында түрлі пайдалы қазбалардың, өсімдіктер дүниесі мен жануарлар дүниесінің болуы, тауарлардың белгілі бір түрлерін жергілікті шикізатты пайдалану негізінде өндіру Халықаралық еңбек бөлінісінің пайда болып, дамуы үшін объективті негіз болып табылады. Халықаралық капитал еңбек бөлінісі халықаралық нарықтың және елдер арасындағы экономикалық қатынастардың басқа да нысандарының негізіне алынады, олардың ұлттық шаруашылықтарын дүниежүзілік шаруашылыққа біріктіру факторы ретінде пайдаланылады. Фирмааралық кооперация, осы елдердің біріктірілген топтарының құрылуы да елдер арасындағы еңбек бөлінісінің тереңдеуіне септігін тигізеді. Қазіргі елдердің, әдетте толып жатқан халықаралық мамандану бағыттары болады, олар осы бағыттар үшін бір-бірімен жиі бәсекеге түседі. Мыс., дамыған бірқатар елдер радио, бейне, аудиотехниканы өткізу нарығы үшін өзара күресуде (АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, т.б.). Кейбір шағын елдер өз тауарларын барынша жетілдіріп, халықар. нарықтардан өзіне кішкене саңылау табады. Мәселен, кішкентай елге жататын Люксембург жоғары сапалы жасанды тіс өндіруге маманданған, Швейцария ұзақ уақыт бойына сағат өндіруге маманданды. Нарық үшін, әсіресе, өтімді немесе қымбат тауарлар нарығы үшін күрес барысында халықар. монополиялар мен ұлтаралық корпорациялар құрылады, олар нарыққа ықпал ету аясын бір-бірімен бөліседі, өз талаптарын әлсіздеу елдерге және елдер тобына күштеп таңып, олардың дамуын тежейді.

Дереккөздер

1. «Қазақ Энциклопедиясы» 9 том
2. Қаржы-экономика сөздігі. — Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007. ISBN 978-601-215-003-2